

# Жұмысшы уақытының және жабдықты пайдалану уақытының шығындарын сыныптау

- жоспар:
- Жұмысшылардың жұмыс уақытын сыныптау
- Жабдықты пайдалану уақытын сыныптау
- Еңбек шығындарының нормативті шамасына әсер ететін факторлар

# Жұмысшылардың жұмыс уақытын сыныптау

- белгілеген кезде жұмыс уақытының нақты шығындарын зерттеу, бақылау нәтижелерін салыстыру және талдау, еңбек процессінің жекелеген элементтерін орындау ұзақтығын айқындау үшін уақыт шығындары нормаланатын және нормаланбайтын болып бөлінеді. Нормаланатын уақыт шығындары өндірістік тапсырманы орындау бойынша жұмыс уақыты және регламенттелген үзілістер уақыты болып бөлінеді. Өндірістік тапсырманы орындау бойынша жұмыс уақыты дайындау-қорыту уақытынан, жедел уақытта және жұмыс орнына қызмет көрсету уақытынан тұрады.

● *Дайындау-қорыту уақыты деп* тапсырылған жұмыс пен әрекетті орындауға дайындау үшін жұмсалатын оның аяқталуына байланысты уақытты айтамыз: құралдарды, аспаптарды, технологиялық және жоспарлы-есептік құжаттаманы алу; жұмыспен, чертежбен танысу; жұмысты орындау тәртібі туралы нұсқама; құралдар мен аспаптарды орнату және алу; жабдықты жұмыстың қажетті технологиялық режиміне баптау; дайын өнімді, құралды, аспапты, технологиялық құжаттамалар мен материалдың қалдықтарын тапсыру. Дайындау-қорыту уақыты бір рет еңбек нысанының толық бір партиясына жұмсалады және осы тапсырма бойынша орындалатын жұмыс көлеміне байланысты болады.

*Жедел уақыт деп* еңбек нысаны формасының, өлшемдері мен қасиеттерінің өзгеруіне, сондай-ақ осы өзгерістерді жүзеге асыру үшін қажетті қосымша әрекеттерді орындауға жұмсалатын уақытты айтамыз. Жедел уақыт шығындары өнімнің әрбір бірлігімен немесе жұмыстардың белгілі бір ауқымымен қайталанатын. Ол негізгі және қосымша деп бөлінеді.

*Негізгі (технологиялық) уақыт* еңбек нысанының мақсатты өзгеруіне (оның өлшемдерінің, формасының, құрамының, қасиеттерінің, жағдайы мен орналасуының өзгеруіне)

● Қосымша уақыт – барысында шикізатты, дайындамаларды толтыру, дайын өнімді алу, жабдықты басқару, оның жұмысы режимінің өзгеруі, технологиялық процесс барысы мен өнім сапасын бақылау жүргізілетін уақыт.

Жұмыс орнына қызмет көрсету уақыты – жұмысшының өзінің жұмыс орнын күтуіне және оны жұмыс жағдайында сақтауға жұмсайтын уақыты. Ол ұйымдық және техникалық қызмет көрсету болып бөлінеді.

Жұмыс орнына техникалық қызмет көрсету уақыты нақты бір жұмысты орындаған кезде жабдықты күтуге (тозған құралды ауыстыру, жабдықты ретке келтіру, жұмыс орнындағы қоқыстарды жинау және т.б. ) жұмсалатын уақыт.

Ұйымдық қызмет көрсету уақыты ауысым барысында жұмысты орындауға байланысты жұмыс орнын күтуге жұмсалады. Бұл санатқа ауысымның басында құралды іске қосу және соңында жинауға, жабдықты тазалау және майлауға жұмсалатын шығындар кіреді.

Жұмысшының тапсырылған жұмысты (операцияны) орындауға қатысуы сипатына байланысты жедел уақыттың құрамында:

жұмысшының машина мен механизмдерді пайдаланбай орындайтын қол жұмысына; механикаландырылған қол құралдарын пайдалана отырып, орындайтын қолмен механикаландырылатын жұмысқа;

жұмысшы орындау механизмдерінің көмегімен орындайтын машина және қол жұмысына;

жабдық жұмысын белсенді бағалауға, оның барысында өнімнің тиісті сапасы мен жабдық жұмысының дұрыстығын қамтамасыз ету үшін жұмысшы машинаның жұмысын, технологиялық процестің барысын, жабдық жұмысы режимінде белгіленген өлшемдердің сақталуын және т.б. белсенді түрде бақылауы қажет.

● Осы уақыттың барысында жұмысшы дене жұмысын орындамайды, алайда оның назары жабдықтың жұмыс істеп тұрған механизмінде, өңделетін затта, аспаптың көрсеткішінде болады, бұл оның жұмыс орнында болуға және үздіксіз бақылауға міндеттейді;

пассивті бақылауға (операциялық күту ішінде), яғни машина жұмыс істеп тұрған кезеңде жұмысшының жабдық жұмысын немесе технологиялық процесс барысын үнемі бақылауы қажет емес, алайда басқа жұмыс болмағандықтан, ол бақылауды жүзеге асырады;

жұмысшының жабдықтың бірнеше бірлігіне қызмет еткен кезде жұмыс аймағында станоктардың, машиналардың, агрегаттардың арасында қозғалуына (өтуіне) уақыт бөлінеді.

● Машиналық операциялардағы қолмен орындау уақыты машиналық уақытпен орны толтырылатын немесе орны толтырылмайтын болып бөлінеді. Уақыт нормасының құрамына тек қана машиналық уақытпен орны толтырылмайтын қолмен орындау уақыты кіреді, ал орны толтырылатын қолмен орындау уақыты жұмысшының жұмысбастылығы мен жүктемесін айқындау кезінде ғана есепке алынады.

Регламенттелген үзілістер мынадай үзілістерді қамтиды: жұмысшыларға жұмыс ауысымы ішінде қалыпты жұмыс істеу қабілетін демеу және шаршаудың алдын алу мақсатында демалу үшін, өндірістік гимнастика жасау үшін берілетін демалыс;

жұмысшының жеке гигиена және табиғи қажеттіліктерге жұмсайтын жеке қажеттіліктерге арналған үзілістер; қандай да бір еңбек процестерін орындаудың өзіндік технологиялық және ұйымдық шарттары көзделген жұмыстағы үзілістер.

Нормаланбаған уақыт шығындары өндірістік тапсырмада көзделген жұмыс уақыты және регламенттелмеген үзілістер уақытына бөлінеді

● Өндірістік тапсырмаларда көзделмеген уақытқа жұмысшының өндірістік қажеттілік туғызған кездейсоқ жұмыстарға жұмсаған уақыты, сондай-ақ өндірістік емес (артық) жұмыстарды, яғни өнімді көбейтуге және оның сапасын жақсартуға мүмкіндік бермейтін жұмыстарды орындауға жұмсаған уақыт кіреді.

Регламенттелмеген үзілістерге:

еңбек процессінің қалыпты ағымының жұмыс орнына қызмет көрсетудегі және оны үздіксіз жұмыс істеуге қажетті барлық заттармен (шикізатпен, материалдармен, дайындамалармен, құралмен) жабдықтаудағы ұйымдық және техникалық ақаулықтардың салдарынан, сондай-ақ электр энергиясы, газ, бу, ауа, су және т.б. келуі тоқтатылудың нәтижесінде бұзылуы салдарынан өндірістік тапсырманы орындау кезінде пайда болатын; әр түрлі себепсіз жағдайлар бойынша жұмысшының жұмыстан кездейсоқ алаңдауының нәтижесінде еңбек тәртібінің бұзылуы салдарынан туындаған үзілістер кіреді.

# Жабдықты пайдалану

## уақытын сыныптау

- Жабдықты пайдалану уақытының шығындары нормаланатын және нормаланбайтын болып бөлінеді. Нормаланатын уақыт шығындары жабдықтың өндірістік тапсырманы (немесе жедел уақыт) орындауы бойынша жұмыс уақыты және регламенттелген үзілістер уақыты болып бөлінеді. Жабдықтың өндірістік тапсырманы орындауы бойынша жұмыс уақытына оның ішінде еңбек процессі жүріп жатқан немесе негізгі жұмысты орындау үшін қажетті қосымша әрекеттер жүргізілетін уақыт кіреді. Бұл уақыт негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгі уақыт – бұл еңбек нысанын өңдеу жүргізілетін кезең. Жабдықтың негізгі жұмыс уақыты машиналық (аппаратуралық) және машинамен және қолмен орындалатын болып бөлінеді.



● .Машиналық (немесе аппаратуралық) уақытқа жабдықтың автоматтық жұмысы уақыты кіреді, мұнда жұмысшы тек бақылау және реттеу қызметтерін ғана атқарады. Машинамен және қолмен орындалатын уақытқа өңдеуде машиналық жұмыспен қатар, тікелей жұмысшының өзі де қатысатын уақыт кіреді. Қосымша уақыт – негізгі жұмысты орындауға қажетті әрекеттерді жүзеге асыруға жұмсалатын, орны машиналық уақытпен толтырылмайтын уақыт.

Жедел уақыт - бұл негізгі және қосымша уақыттық жалпы саны. Сонымен қатар, жедел уақыт машиналық-бос (немесе аппаратуралық-бос) уақыт және жұмысшының қатысуымен жабдық жұмысының уақыты болып бөлінеді.

Машиналық (аппаратуралық)-бос уақыттың ішінде жабдық жұмысшының тікелей қатысуынсыз жұмыс істейді. Бұл жағдайда машиналық уақыттан жұмысшының машиналық уақытпен орны толтырылатын қосымша уақыты және белсенді бақылау уақыты алынып тасталады.

Жабдықтың жұмысшының қатысуымен болатын жұмысы уақытына машиналық-бос уақытты алып тастағандағы жедел уақыт кіреді. Жұмысшыға қатысты бұл уақыт оның жедел жұмыспен айналысатын уақыты болып табылады. Ол жұмысшының орны толтырылатын және орны толтырылмайтын қосымша уақыты мен белсенді бақылау уақытының жалпы саны түрінде айқындалады.

● Регламенттелген үзілістер уақыты жұмысқа дайындау және жұмыс орнына ұйымдық-техникалық қызмет көрсетуге байланысты үзілістер уақытына; өндірістік процестің технологиясы және ұйымдастырушылығымен көздеген үзілістер уақытына; жұмысшының демалу және жеке қажеттіліктеріне арналған уақытқа бөлінеді. Жұмысқа дайындау және жұмыс орнына ұйымдық-техникалық қызмет көрсетуге байланысты үзілістер уақыты дайындау-қорыту жұмыстарын орындау уақытына және ұйымдық және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар уақытына бөлінеді.

Ұйымдық және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар уақытына механизмдерді кесте бойынша жөндеуге байланысты үзілістер және жоюға келмейтін технологиялық үзілістер кіреді.

Нормаланбайтын уақыт шығындарына жабдықтың өндірістік емес және кездейсоқ жұмысы уақыты, еңбек тәртібінің бұзылуы салдарынан туындаған үзілістер уақыты, өндірістік процестің қалыпты ағымының бұзылуы салдарынан болған үзілістер уақыты кіреді.

# Еңбек шығындарының нормативті шамасына әсер ететін факторлар

- Кез келген жұмысты орындаған кезде еңбек шығындарының шамасына, тиісінше еңбек шығындарының нормативтік шамасына да әр түрлі факторлар әсер етеді.  
Еңбек шығындарының нормативтік шамасына әсер ететін факторлар еңбек нысанының, жабдықтың, технологиялық процестің, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру және санитарлық-гигиеналық және жалпы эстетикалық жағдайлардың сипатына, қызметкерлердің мәдени-техникалық және кәсіби деңгейіне, орындаушылардың кейбір антропометриялық сипаттарына, олардың психофизиологиялық сипатына байланысты қалыптасады.

● Әсер ету сипаты мен бағытына байланысты еңбек шығындарының нормативтік шамасына әсер ететін факторлар техникалық, әлеуметтік және экономикалық болып бөлінеді.

Техникалық факторлар өндірістің материалдық-заттық элементтерінің сипаттамасымен айқындалады: еңбек нысаны (материалдардың қасиеттері, өңдеу өлшемдері, бұйымның конфигурациясы және т.б.); еңбек құралдары (жабдық жұмысының режимдері, машиналар, механизмдер, құрылғылардың, технологиялық және ұйымдық жабдықтаудың сипаттамалары және т.б.)

ұйымдық факторлар еңбек бөлінісі және кооперациясы нысандарының, жұмыс орнын ұйымдастыру және оған қызмет көрсетудің, әдістер мен тәсілдердің, еңбек және демалу режимдерінің, өндіріс типінің сипаттамасымен, т.б. айқындалады.

Техникалық және ұйымдық факторлар жұмыстардың орындалуының ұйымдық-техникалық жағдайларын белгілейді.

● Психофизиологиялық факторлар, ең алдымен, жұмысты орындаушының сипаттамасымен: жынысы, жасы, кейбір антропометриялық ерекшеліктерімен (бойы, аяғының ұзындығы, күші, ептілігі, шыдамдылығы және т.б.) айқындалады. Психофизиологиялық факторларға өндірістің де кейбір сипаттамалары жатады: шолу аймағы мен көз жету аймағының, жұмыс істеу қалпының өлшемдері, көзге күштің түсуі, жұмыс жылдамдығы және т.б.

Әлеуметтік факторлар да психофизиологиялық факторлар сияқты, ең алдымен, жұмысты орындаушының сипаттамасымен, оның мәдени-техникалық деңгейімен, жұмыс өтілімен және басқалармен айқындалады. Әлеуметтік факторларға өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың да кейбір сипаттамалары – еңбектің мазмұндылығы мен қызықтырушылығы және т.б. кіреді.

Экономикалық факторлар өндірістің немесе оның жекелеген элементтерінің сипаттамаларымен айқындалады. Олар өндіріс процессінің тиімділігіне: өнім немесе еңбек нысанын өңдеу сапасының деңгейіне, орындалатын жұмыстардың шұғылдығына, алғашқы материалдардың, дайын бұйымның құнына және т.б. тікелей байланысты:

- Еңбектің нормативтік шығындары байланысты болатын барлық факторлар сапалық және сандық болып бөлінеді. Сандық факторларға мәндері сандық тұрғыдан сипатталатын факторлар жатады (еңбек нысанының салмағы – кг, оның ұзындығы – мм және т.б.). Сапалық факторларға сандық тұрғыдан емес, сапалық тұрғыдан сипатталатын факторлар жатады (кескіні бойынша зат дөңгелек, тіктөртбұрышты, фасонды және т.б. болуы мүмкін)

Факторлардың кейбір сандық және сапалық мәндері нақты еңбек процесі үшін шекті, яғни бұл мәндерден тыс процесс орындала алмайды немесе орындалуы мүмкін. Мұндай сапалық және сандық мәндер шектеулер деп аталады. Шектеулер техникалық, ұйымдық, психофизиологиялық және экономикалық сипатта болуы мүмкін.

Еңбек шығындарының шамасына әсер ететін барлық факторларды анықтау және есепке алу еңбекті нормалау үшін нормалар мен нормативтік материалдарды әзірлеу процессінде жүзеге асырылады.

# Тест

Сұрақ номері 1 из 40 ▾

Ұпайлар саны: 1 | Барлық ұпайлар: 0 из 40

**Еңбек ресурстарын пайдалануға ықпал ететін факторлардың неше түрі бар?**

- 4түрі
- 3түрі
- 7түрі
- 5түрі
- 8түрі

Жіберу

Щелкните кнопку  **Тест** для редактирования этого теста